

**«ҰЛТТЫҚ БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



**«Ұлттық балаларды оңалту орталығы»  
КеАК Директорлар кеңесінің шешімімен  
БЕКІТІЛДІ  
(2025 ж. 24 маусымдағы №4 хаттама)**

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ  
ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

## 1. Жалпы ережелер

1. Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметін бағалау туралы осы Ереже Қазақстан Республикасы заңнамасына, «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ (бұдан әрі - Қоғам) корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген және Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері қызметін бағалау үдерісін (бұдан әрі - бағалау) реттейді.

2. Бағалаудың негізгі мақсаты - Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері қызметінің тиімділігін арттыру.

3. Бағалауды Директорлар кеңесі жүргізеді және мыналарға:

1) Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері қызметінің мықты және әлсіз жақтарын (артықшылығы мен кемшілігін) айқындауға;

2) Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері қызметінің бағыттарын түзету;

3) Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері тәуелсіз мүшелеріне сыйақы төлеу жүйесінің тиімділігін айқындауға мүмкіндік береді.

4. Директорлар кеңесі бағалаудың келесі түрлерін жүргізе алады:

1) Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін, Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындауын бағалау;

2) Комитеттердің жұмысын бағалау.

5. Бағалау келесі қағидаттарға сәйкес жүргізілуге тиіс:

1) объективтілік;

2) бағалауды жүргізудің және бағалау көрсеткіштерін нақтылаудың жүйелілігі;

3) кешенділік;

4) құпиялық.

6. Директорлар кеңесінің және оның әр мүшесінің, Комитеттерінің қызметін жалпы жыл сайынғы бағалауға жауапты тұлға - Корпоративтік хатшы.

7. Бағалау:

1) сауалнама алу арқылы өз күшімен (өзін өзі бағалау);

2) бағалау сапасын арттыру үшін тәуелсіз консультантты (бұдан әрі - Консультант) тарта отырып жүргізілуі мүмкін.

Сыртқы тәуелсіз консультант Қоғам қаражаты есебінен үш жылда кемінде бір рет тартылады.

## 2. Бағалауды жүргізу үдерісі

8. Бағалауды жүргізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Бұл шешімде бағалауды жүргізудің нақты мерзімдері (кестесі) және қажетті ресурстар (мысалы, материалдар, ақпарат, есептер және т.б.) айқындалады.

9. Бағалауды жүргізу үшін тәуелсіз консультантты тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, бұл шешім нақты негіздемемен бекітілуі тиіс. Атап айтқанда, Консультантты тартудың негіздері мыналар болуы мүмкін:

- Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін сыни бағалау қажеттігі;

- алдыңғы бағалау нәтижелерінің тиімді болмауы;

- Директорлар кеңесінің жаңа құрамын қалыптастыру сияқты маңызды корпоративтік оқиға алдында;

- Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалған өзге жағдайлар.

10. Бағалау жыл сайын жылдық қаржы есептілік аудитінің қорытындысы бойынша жүргізіледі.

11. Бағалау жүргізу үдерісін Директорлар кеңесінің төрағасы үйлестіреді.

12. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің жабық отырысында талқыланады, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы қатысады.

13. Бұл отырыста Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметін тұжырымдамалық тұрғыда талқылап, олардың тиімділігін төмендеткен факторларды анықтап, тиімділікті арттыру жолдарын ұсынуға, сондай-ақ Қоғам қызметін басқару және бақылаудың негізгі мәселелерін қарастыруға тиіс.

14. Жалпы алғанда, бағалау үдерісі келесі мәселелер бойынша талқылауды ынталандыруы керек:

1) Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің рөлі мен функциялары;

2) Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері жұмысының басымдықтары;

3) Директорлар кеңесінің құрамы, оның мүшелерінің білімі, дағдылары, тәжірибесі мен жеке қасиеттерінің оңтайлылығы;

4) Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қолданыстағы жұмыс рәсімдері, оның ішінде отырыстарды дайындау және өткізу практикасы, олардың жүйелілігі, ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері;

5) Қоғам ұстанымының, стратегиясының, негізгі міндеттерінің, проблемалары мен құндылықтарының айқындығы;

6) Директорлар кеңесінің әр мүшесінің тиімділігі;

7) Директорлар кеңесі Комитеттері қызметінің тиімділігі және олардың Директорлар кеңесімен, атқарушы орган мүшелерімен өзара әрекеттесуі.

15. Бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі келесі шараларды қабылдауы мүмкін:

1) Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері назар аударуға тиіс негізгі міндеттер/бағыттарды айқындау;

2) Директорлар кеңесінің, оның мүшелерінің және Комитет мүшелерінің жұмыс жоспарлары мен әдістеріне ұсыныстар енгізу.

16. Директорлар кеңесінің мүшелеріне бағалау жүргізуге арналған нысандарды Қоғамның Корпоративтік хатшысы жібереді.

Үш балдық бағалау жүйесінде орташа балл 2-ден төмен, бес балдық бағалау жүйесінде 3-тен төмен болған өлшемшарттар Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің назар аударуын талап ететін жұмыстың әлсіз тұстары болып танылады.

17. Жиналған ақпаратты жүйелеу мен өңдеуді жүзеге асыратын Корпоративтік хатшы оның объективтілігі мен құпиялылығын қамтамасыз етеді.

### **3. Директорлар кеңесі мен оның мүшелері қызметін бағалау өлшемшарттары**

18. Директорлар кеңесі қызметін бағалау өлшемшарттарына мыналар жатады:

- 1) Директорлар кеңесі жұмысының құжаттамалық қамтамасыз етілуі;
- 2) Директорлар кеңесінің құрамы және құрылымы;
- 3) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі төрағасының рөлі және міндеттері;

- 4) Директорлар кеңесі жұмысының рәсімдері;

- 5) Директорлар кеңесінің Қоғамның басқармасымен өзара іс-қимылы.

19. Директорлар кеңесі мүшелерін жеке бағалау олардың Директорлар кеңесінің жұмысына қатысуын ынталандыруға және жалпы Директорлар кеңесінің жұмыс тиімділігін арттыру жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

20. Директорлар кеңесінің мүшелерінің жеке бағалау кезінде келесі факторларға ерекше көңіл бөлу ұсынылады:

- 1) Директорлар кеңесінің, сондай-ақ құрамына Директорлар кеңесінің мүшесі кіретін Комитеттің жауапкершілігіндегі мәселелер бойынша біліктілігі;

- 2) Сала мен қызмет бағытының ерекшеліктерін, жұмыс бағыттарын білуі;

- 3) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы;

- 4) Директорлар кеңесі Комитеттердің отырыстарында талқылауға белсенді қатысу деңгейі;

- 5) Директорлар кеңесінің отырыстарындағы белсенділігі және шешім қабылдау кезінде дауыс беру сипаты;

- 6) Директорлар кеңесі мүшесінің жеке қасиеттері және оның жұмыс тиімділігіне әсері (ұжымда жұмыс істеу қабілеті, қарым-қатынасқа ашықтығы, өз көзқарасын қорғай білуі, өзгелердің пікірімен санаса білуі, қызметтегі әдеп стандарттары).

21. Жалпы Директорлар кеңесін және Директорлар кеңесі мүшелерін бағалау үшін, Директорлар кеңесінің әр мүшесі 1-қосымша мен 2-қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады.

#### **4. Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалау өлшемшарттары**

22. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалауды жүзеге асырады және оны Директорлар кеңесі одан әрі талқылау, қорыту және Комитеттердің қызметіне түпкілікті баға беру үшін пайдаланады.

23. Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалау барысында:

- 1) Комитеттің қызметі толығымен Комитет туралы ережемен салыстырылады;

- 2) Комитет қызметінің нәтижелерінің Директорлар кеңесінің болжамына сәйкестігі бағаланады.

24. Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалауды қалыптастыру мақсатында Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі 3-қосымшаға сәйкес сауалнаманы толтырады.

## **5. Бағалау нәтижесін қарау тәртібі**

25. Толтырылған сауалнамалар Корпоративтік хатшыға беріледі.

26. Корпоративтік хатшы сауалнамадан алынған деректерді:

1) Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі толтырған сауалнама бойынша сандық ақпараттың орташа мәнін есептеу;

2) жұмыс тиімділігінің жалпы бағасын сипаттайтын бағалау өлшемшарттарының әрқайсысы бойынша жалпы орташа мәнді есептеу;

3) авторын көрсетпей, әрбір бағалау объектісі бойынша барлық түсініктемелер мен ережелерді жинақтау арқылы өңдейді.

27. Пікірлердің құпиялығын сақтау мақсатында Корпоративтік хатшы деректерді өңдеу аяқталғаннан кейін Директорлар кеңесі мүшелерінен алынған барлық сауалнамаларды жояды.

28. Корпоративтік хатшы бағалаудың жалпыланған нәтижелерін және тәуекелдер мен даму аймақтары туралы ақпаратты зерделеу және Директорлар кеңесінің отырысында одан әрі талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасына береді.

29. Аталған отырыс барысында Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бағалау нәтижелері тақырыбында сөз сөйлеу құқығын береді, бағалау объектілерінің қызметін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар бойынша олардың ұсыныстарын жинайды. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің мүшелері өз қалауы бойынша өз анонимділігін аша алады, яғни олардың әрқайсысы қандай баға қойғанын, қандай түсініктеме және ұсыныс бергенін нақты хабарлай алады.

30. Отырыста бағалау нәтижелерін қарау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін дамыту мен жетілдірудің бағыттары мен нақты іс-шаралар туралы шешім қабылдауға тиіс.

## **6. Қорытынды ережелер**

31. Ережені бекіту, сондай-ақ Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның ішінде бағалау өлшемшарттарын өзгерту Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

**«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ Директорлар кеңесі  
қызметін жалпы бағалауға арналған сауалнама**

**Ескерту:**

1. Директорлар кеңесінің әр мүшесі кұпиялықты сақтай отырып толтырады.

2. 1-ден 5-ке дейінгі шәкіл бойынша төмендегі сұрақтар/тұжырымдар туралы Сіздің пікіріңізге сәйкес келетін балды белгілеу қажет:

- 1- Мүлдем келіспеймін;
- 2- Көбірек келіспеймін;
- 3- Бейтарап позициядамын;
- 4- Көбірек келісемін;
- 5- Толық келісемін.

3. Ерекше пікір, түсініктеме, ұсыныс немесе тілектер болған жағдайда, сауалнаманың тиісті бөлігін толтыру қажет.

4. Сауалнама толтырылғаннан кейін Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі барлық жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәнін есептейді, сондай-ақ түсініктемелер, ұсыныстар, тілектер және т.б. тізімін құрастырады.

№	Бағалау өлшемшарттары	Балмен бағалау	Түсіндірме/ұсыным/тілек
1	Директорлар кеңесінің мүшелері өз кұзыреттерін және негізгі міндеттерін түсінеді		
2	Директорлар кеңесі өзінің стратегиялық маңыздылығы мен конструктивизмін көрсетеді (Директорлар кеңесі Қоғамды стратегиялық басқаруды жүзеге асырады, Басқарманың сындарлы сыншысы болып табылады)		
3	Директорлар кеңесі кұндылықтарды, миссияны, Даму стратегиясын түсінеді және түйінді мәселелерді шешу кезінде аталғандардың барлығын ескереді.		
4	Директорлар кеңесінің мүшелері ұсынған бастамалардың нешеуі жүзеге асырылған		

5	Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері шынымен де тәуелсіз.		
6	Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстарына тұрақты түрде қатысады.		
7	Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесі отырыстарынан бөлек, Қоғамның Басқарма мүшелерімен кездесуге мүмкіндігі жеткілікті		
8	Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысына тиімді басшылықты жүзеге асырады		
9	Директорлар кеңесінің мүшелерінің Директорлар кеңесі құрамында өз міндеттерін тиімді орындау үшін уақыты жеткілікті.		
10	Кеңес мүшелері негізделген шешім қабылдау үшін Қоғам Басқармасынан жеткілікті ақпарат алады.		
11	Келесі жылы Директорлар кеңесі өз назарын қандай 3 бағытқа шоғырландыруы тиіс деп ойлайсыз?	1.	2.
		3.	
<b>Балдың орташа мәні</b>			

**«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауға арналған сауалнама**

**Ескерту:**

1. Директорлар кеңесінің әр мүшесі құпиялықты сақтай отырып толтырады, оның ішінде өзіне өзі баға береді.

2. 1-ден 3-ке дейінгі шәкіл бойынша төмендегі сұрақтар/тұжырымдар туралы Сіздің пікіріңізге сәйкес келетін балды белгілеу қажет:

- 1 - қанағаттанарлық;
- 2 - жақсы;
- 3 - керемет;

3. Ерекше пікір, түсініктеме, ұсыныс немесе тілектер болған жағдайда, сауалнаманың тиісті бөлігін толтыру қажет.

4. Сауалнама толтырылғаннан кейін Корпоративтік хатшы 1-ден 3-ке дейінгі барлық жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәнін есептейді, сондай-ақ түсініктемелер, ұсыныстар, тілектер және т.б. тізімін құрастырады.

Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні	Кәсіби тәжірибесі	Саланың ерекшелігін білуі	Стратегиялық көзқарасы (ұсынымдары)	Отырысқа қатысуы	Дауыс берудегі белсенділігі	Қабылданған бастамаларының саны	Отырыстарға белсенді қатысуы	Балдардың ортақ мәні
Директорлар кеңесінің мүшесі 1								
Директорлар кеңесінің мүшесі 2								
Директорлар кеңесінің мүшесі 3								
Директорлар кеңесінің мүшесі 4								

Директорлар кеңесінің мүшесі 5								
Директорлар кеңесінің мүшесі 6								
Директорлар кеңесінің мүшесі 7								
Директорлар кеңесінің мүшесі 8								
<p>Директорлар кеңесі мүшесінің түсініктемелері (Директорлар кеңесінің мүшесі өз дағдылары мен білімін көрсетуге кедергі келтіретін факторларды, Директорлар кеңесі отырыстарына қатысу деңгейіне әсер ететін жайттарды, сондай-ақ өзі білімін жетілдіруі қажет салалар (бағыттар) туралы да атап өте алады).</p>								

**«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ Директорлар кеңесі  
қызметін жалпы бағалауға арналған сауалнама**

**Ескерту:**

1. Директорлар кеңесінің әр мүшесі құпиялықты сақтай отырып толтырады.

2. 1-ден 5-ке дейінгі шәкіл бойынша төмендегі сұрақтар/тұжырымдар туралы Сіздің пікіріңізге сәйкес келетін балды белгілеу қажет:

- 1 - Мүлдем келіспеймін;
- 2 - Көбірек келіспеймін;
- 3 - Бейтарап позициядамын;
- 4 - Көбірек келісемін;
- 5 - Толық келісемін.

3. Ерекше пікір, түсініктеме, ұсыныс немесе тілектер болған жағдайда, сауалнаманың тиісті бөлігін толтыру қажет.

4. Сауалнама толтырылғаннан кейін Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке дейінгі барлық жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәнін есептейді, сондай-ақ түсініктемелер, ұсыныстар, тілектер және т.б. тізімін құрастырады.

№	Бағалау өлшемшарттары	Балмен бағалау	Түсіндірме/ұсыным/тілек
1	Директорлар кеңесінің комитеті туралы (бұдан әрі - Комитет) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен ереже оның функцияларын нақты айқындайды.		
2	Комитет Комитеттің жұмыс тиімділігіне жеткілікті түрде көңіл бөледі		
3	Комитет заңнаманың және Қоғамның ішкі құжаттарының орындалу үдерісін бақылауға тиісті түрде көңіл бөледі		
4	Комитет мүшелері тиісті тәжірибе мен біліктілікке ие, Комитет жұмысына елеулі үлес қосады		

5	Комитет менеджменттен тәуелсіз әрекет етеді, іскерлік этика нормаларына сәйкес жұмыс істейді және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыруға бағытталған		
6	Директорлар кеңесінің мүшелері қаралған мәселелер бойынша негізделген шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты алады		
7	Комитет төрағасы оның қызметіне тиімді басшылықты жүзеге асырады		
8	Комитет Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, Ішкі аудит қызметінің есептерін қарауға және олардың қызметін жақсарту жөніндегі шараларға жеткілікті көңіл бөледі		
9	Комитет отырысының материалдары толық, жинақы және жақсы құрылымдалған, сондай-ақ негізделген шешімдер қабылдауға қажетті барлық ақпаратты қамтиды		